

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**

**Мамандығы: Құқықтану**

**Шифр: 5В030100**

**Пән: Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары**

**ГЛОССАРИЙ**

- 1. ауыстыру** – құқық қорғау органы жүйесінде лауазымдарға орналасу;
- 2. ауысу** – құқық қорғау органдарындағы қызметті тоқтатпастан құқық қорғау органында атқарып жүрген қызметінен босата отырып, сол мезгілде басқа құқық қорғау органындағы лауазымға тағайындау;
- 3. баянат** – қызметкер қызмет әрекеті процесінде тікелей немесе уәкілетті басшыларға өтініш жасаған кезде ерекше нысандағы жазбаша баяндау;
- 4. біліктілік талаптары** – құқық қорғау органындағы лауазымға орналасуға үміткер азаматтарға олардың кәсіптік даярлық деңгейін, құзыреттілігін және нақты лауазымға сәйкестігін айқындау мақсатында қойылатын талаптар;
- 5. кадр резерві** – кейіннен оларды ұсыну үшін қалыптастырылған, деректері жүйеленген тізімге енгізілген қызметкерлер;
- 6. құқық қорғау қызметі** – құқық қорғау органдары лауазымдарындағы мемлекеттік қызметтің ерекше түрі;
- 7. құқық қорғау органы** – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган;
- 8. құқық қорғау органының қарамағында болу** – штаттық лауазымға орналасумен байланысты емес құқық қорғау қызметін өткеру;
- 9. құқық қорғау органының қызметкері (бұдан әрі – қызметкер)** – құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасынан арнаулы атақ немесе сыныптық шен берілген Қазақстан Республикасының азаматы;
- 10. құқық қорғау органының тәртіптік комиссиясы** – тәртіптік теріс қылыққа қатысты фактілерді қызметтік тергеу және зерттеу материалдарын қарау үшін оның жасалуының мән-жайын жан-жақты, толық және объективті анықтау және тәртіптік жауапкершілікке тартылатын қызметкерді лауазымға тағайындау және лауазымнан босату құқығы бар адамды тәртіптік жазалау шарасы туралы ұсыным шығару мақсатында құқық қорғау органында құрылатын тұрақты алқалы орган;
- 11. қызметтік тергеу** – қызметкердің тәртіптік теріс қылықты жасау мән-жайын толық, жан-жақты және объективті анықтау мақсатында, ол туралы материалдар мен мәліметтерді жинау және тексеру жөніндегі қызмет;
- 12. ротация** – құқық қорғау органында уәкілетті басшыларды және олардың орынбасарларын тең лауазымдарға ауыстыру;
- 13. тәртіптік жаза** – қызметкерге қолданылатын тәртіптік жауапкершілік шарасы;
- 14. тәртіптік жауапкершілік** – тәртіптік теріс қылықтар, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, қызметкерлер көтеретін заңдық жауапкершілік түрі;
- 15. тәртіптік теріс қылық** – қызметкердің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы, кінәлі атқармау немесе тиісінше атқармауы, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдалануы, қызметтік және еңбек тәртібін бұзуы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет әдебі қағидаларын) не ар-намыс кодекстерін (құқық қорғау органдарындағы қолданыстағы қызмет

әдеби қағидаларын) бұзуы, тәртіптік ретпен жазаланатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы, сол сияқты осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген, құқық қорғау қызметінде болуға байланысты шектеулерді сақтамауы;

**16. уәкілетті басшы** – құқық қорғау органының аумақтық немесе оған теңестірілген мамандандырылған бөлімшесінің басшысы, құқық қорғау органы мекемесінің, ведомствосының басшысы;

**17. ұйымдастыру-штаттық іс-шаралар** – құқық қорғау органының құрылымдарын қалыптастыру жөніндегі шаралар кешені;

**18. ұсыну** – құқық қорғау органы жүйесінде жоғары тұрған лауазымдарға орналастыру;

**19. Сот билігі** деп мемлекет атынан, заңның үстемдігі мен әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында, бұзылған құқық пен бостандықты, әділеттікті қалпына келтіру, заңмен қорғалатын мүдделерге қол сұғушы адамдарға мемлекеттік мәжбүр ету шараларын қолдану мақсатында сот құзыретіндегі жауапты биліктік өкілеттіктердің жиынтығын айтамыз.

**20. Сот** – ҚР сот жүйесіне кіретін, қылмыстық, азаматтық істерді жеке немесе алқалық тәртіпте қарайтын заңды түрде құрылған мемлекеттік орган.

**21. Судья** – осы лауазымға заңда көзделген тіртіппен сайланған немесе тағайындалған, сот билігін жүзеге асыратын, ерекше өкілетті тұлға.

**22. Сот әділдігі дегеніміз** – заңда белгіленген ерекше құқықты нысанда мемлекеттің арнайы құрылған органының, яғни соттың, азаматтық және қылмыстық істерді қарап шешуі арқылы жүргізілетін мемлекет қызметінің айрықша бір саласы. Сот әділдігін тек қана сот жүзеге асырады. Бұл, қағида сот әділдігінің принципі де болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды – мемлекетімізде сот істерін қараумен бірде-бір орган немесе қоғамдық ұйым айналыспайды, сот әділдігін жүзеге асыруға заң бойынша тек сот қана өкілетті.

**23. Соттық қадағалау** – заңды күшіне енген, сот шешімдері мен үкімдерінің негізділігі мен заңдылығын тексеретін процессуалдық тәртіп.

**24. Прокурорлық қадағалау** дегеніміз ҚР Прокуратурасы Республика аумағында заңдардың, ҚР Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәл және бірінғай қолданылуына, жедел-іздістіру қызметінің, анықтама мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық істер жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыру арқылы жүргізілетін мемлекеттік қызметтің бір түрі.

**25. Бірінші сатыдағы сот** – қылмыстық немесе азаматтық істерді мәні бойынша қарайтын сот, яғни істің сотта алғашқы рет қаралуы (өз өкілеттігі шегінде республиканың кез келген соты бірінші сатыдағы сот бола алады).

**26. Апелляциялық сатыдағы сот** – бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімдеріне, үкімдеріне, қаулыларына шағым, нарызлық бойынша істі қайта қарайтын екінші сатыдағы сот (ҚР Жоғарғы соты, облыстық және оған теңестірілген соттар).

**27. Қадағалау сатысындағы сот** – заңды күшіне енген сот шешімдеріне, үкімдеріне, қаулыларына, шағым, наразылық бойынша қылмыстық істі қадағалау тәртібінде қарайтын үшінші сатыдағы сот (ҚР Жоғарғы соты, облыстық және оған теңестірілген соттар).

**28. Апелляция** - заңды күшіне енген, сот шешімдері мен үкімдерінің негізділігі мен заңдылығын тексеретін процессуалдық тәртіп.

**29. Құқық қорғау органдары** дегеніміз өзінің бүкіл қызметімен заң негізінде және тиісті нысандарда демократиялық принциптер арқылы заңдылықты қамтамасыз етуге, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін қорғауға, құқық бұзушылықтан сақтандыру мен оның алдын алуға және заңдылықты бұзған адамдарға мемлекеттік күштеу немесе қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануға тиісті мемлекеттік органдар.

**30. Буын** – тең құқылы соттардың жиынтығы.

**31. Инстанция** – қылмыстық немесе азаматтық істердің сотта қаралу сатысы.

**32. Сот жүйесі** - жалпыға бірдей демократиялық принциптер негізінде

ұйымдастырылып, жұмыс істейтін, өзара байланысты соттардың жиынтығы.

**33. Адвокат** - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

**34. Адвокат кеңсесі** - мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

**35. Прокуратура** - кез келген заңдылық бұзушылықты анықтау және жою жөнінде шаралар қолданады, Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық жасайды, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда тәртіп пен шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.